Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.1. – Б. 179-180

ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ – ОҚУШЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗМЕТІН БЕЛСЕНДІРУДІҢ ӘДІСІ РЕТІНДЕ

Баешев А.

Қазіргі кезде қоғамды дамытуда білім беру саласына ерекше көңіл бөлінуі керек. Осы күні білім жүйесін қалыптастыру мен қарқынды жүзеге асыру қадағалануда. Білім беру үрдісін жүзеге асыру, оның нәтижесінің жағымды динамикасы, мықтылығы, ұзақтығы және оның тиімділігін жоғарлатуы біздің республикамызда білім сапасын жақсартудың өзекті тапсырмасының бірі болып саналады. Сондықтан да оқушы білімінің жоғары болуы аса маңызды. Қазір оқу үрдісінің тиімділігіне себін тигізетін әдістердің, тәсілдер мен амалдардың мазмұнына қойылатын талапты күшейтуде.

Білім үрдісі – бұл оқушыны жан-жақты дамытуды қамтамасыз ететін, шығармашылық қабілетін, шеберлігі мен дағдысын дамыту мен білім жүйесін қалыптастыруға өзара байланыста мақсатты бағытталған оқушы мен оқытушы арасындағы қызмет.

Заманауи білімдендірудің мақсаты мамандарды шығармашылыққа дайындау екені дауысыз. Шығармашылық дегеніміз жаңалықты ашу. Осыған орай, проблемалық оқытудың өзі де шығармашыл процесс: бейқалыпты ғылыми – оқу мәселені бейқалыпты әдістермен шешу. Соңғы кезде кең тараған оқу түрінің мәні: мұғалім жаңа білімді дайын түрде баяндамай, оқушылардың алдына проблемалық сұрақтарды қойып, оларды шешудін жолдары мен тәсілдерін іздеуге бейімдейді.

Оқу үрдісінің тиімділігі бәрінен бұрын оқу материалы қалай ұйымдастырылғанынан және жоспарланғанынан, қандай әдістер мен тәсілдердің көмегімен оның мазмұны берілетіндігінен анықталады.

Білім үрдісінің тиімділігі нақты ғылыми ақпаратты білудің сапасымен және тұрақтылығымен, сондай-ақ, оқушының алған білімін, дағдысын іс жүзінде қолдана алу қабілетімен сипатталады.

Оқу үрдісіндегі оқушылардың оқу қызметі тікелей педагогтің жетекшілігімен өтеді. Бұл жерде ол оқушының танымдық белсенділігін туындатуға септігін тигізеді. Оқушы белсенділігін басқару мен оларды жігерлендіру мақсатында оқуды белсендіру деп аталды.

Оқушының танымдық қызметін белсендіру – оқу үрдісін жүзеге асырудың маңызды шарты. Белсендірудің басты міндеті – оқушылардың белсенділігін қалыптастыру.

Педагогикалық тәжірибе оқушылардың оқу қызметін белсендірудің әртүрлі жолын пайдаланады

Проблемалық оқу үрдісінде оқушы мәселені шешуге қатыстырылады. Проблемалық оқу ақыл-ой күші, танымдық-белсенділік, оқушының дербес және шығармашыл ойлауы болып саналады.

Оқу материалын проблемалық ұйымдастыру бірнеше түрлі болады: проблемалық сұрақ, проблемалық тапсырма, проблемалық есеп, проблемалық жағдай.

Проблемалық оқуды ұйымдастыру кезінде мұғалім проблемалық жағдайды шешудің қай кезеңінде оқушы дербес жұмыс істеуі керек, ал қай кезеңде оның көмегімен жұмыс істеуі керек екенін нақты анықтап алуы тиіс. Дербес іздеу қызметі оқушының танымдық қызметін өндіру мен байланысуы тиіс.

Проблемалық оқу тәжірибе тұрғысынан оқытудың барлық әдістерін, бірақ бәрінен бұрын эвристикалық және проблемалық ізденімпаздық әңгіме пайдаланумен жүзеге асырылады.

Проблемалық оқудың әдісі мынадай жағдайларда өте тиімді: оқу үрдісі материалдарының мазмұны түсінікті, теория заңдарын қалыптастыруға бағытталғанда, оқу материалының мазмұны мүмкіндігінше жаңа болып саналмайды, ал ойша бұрын оқығанды жалғастыратын жаңа білімді іздеуде оқушылар өздігінен қадам жасай алғанда.